

**МАГИСТРАТУРАДА ШЕТЕЛ ТІЛІ ПЕДАГОГТЕРІН ДАЯРЛАУ  
БОЙЫНША КӘСІБИ-САЛАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ӨЗЕКТЕНДІРУ  
(АВИАЦИЯЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ НЕГІЗІНДЕ)**

\*Бегимбаева М.Г.<sup>1</sup>, Кульгильдинова Т.А.<sup>2</sup>, Серикбаева У.<sup>3</sup>, Танкыбаева М.Х.<sup>4</sup>

<sup>\*1</sup>докторант, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және  
Әлем Тілдері Университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: makosya77.88@mail.ru

<sup>2</sup>п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар  
және Әлем Тілдері Университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: tulebike@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, қауымдастырылған профессор, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы  
Энергетика және Байланыс Университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: serikbaeva@aves.kz

<sup>4</sup>фил.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы Қазақ  
Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті, Алматы,  
Қазақстан  
e-mail: t.mereke@mail.ru

**Аңдатпа.** Жаһандану және әртүрлі салалардағы, соның ішінде авиациядағы халықаралық байланыстардың кеңеюі дәуірінде кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын тілін меңгеру деңгейіне жоғары талаптар қойылады. Мақалада ХААҰ (Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы) талаптары бойынша авиациялық ағылшын тілі деңгейінің шкаласына сипаттама беріледі. Осы салада жұмыс істейтін авиаторлар IV деңгейді меңгеруі арқылы ғана жұмыс жасауға мүмкіндік алады (барлығы алты деңгей). Қазақстан Республикасында авиаторларды ХААҰ деңгейінде ШТ (шетел тілі) меңгеруге даярлау мәселесі авиаторлардың метатілін меңгерген шетел тілі педагогтарын даярлауды талап етеді. Сондықтан, бұл мақалада магистратурада шетел тілі педагогтарын ХААҰ шеңберінде авиациялық ағылшын тілін меңгерудің нақты модулі бойынша зерттеулер жүргізілді. Осы модульді іске асыру үшін ХААҰ шеңберінде "ұшқыш – диспетчер" арнасы бойынша IV деңгей зерттелді. Мақалада кәсіби қарым-қатынас жағдайларын модельдеу бойынша шетел тіліндегі жаттығулар қарастырылады. ШТ сабақтарында студенттерге ұшу кезеңдерінің фрагменттерін қайта құру ұсынылады, сондай-ақ экипаж мүшелері мен авиадиспетчердің өзара іс-қимылын талдау пысықталады, бұл білім алушылардың кәсіби қалыптасуына ықпал етеді. Кәсіби қарым-қатынас жағдайларын модельдеу, ұшу кезеңдерінің фрагменттерін қайта құру, сондай-ақ экипаж мүшелері мен авиадиспетчердің өзара іс-қимылын талдау білім алушылардың кәсіби қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, мәнмәтіндік оқыту технологиясы негізінде болашақ шетел тілі педагогтарының кәсіби-салалық құзыреттілігін қалыптастыру жолдары қарастырылды. Мақаланың мақсаты-мәнмәтіндік оқыту технологиясы негізінде кәсіптік-салалық құзыреттілікті қалыптастыруға байланысты негізгі ұғымдарды қарастыру және кәсіптік бағдарланған тілді оқыту процесін оңтайландыру міндетін ескере отырып, авиациялық ағылшын тілі бойынша мазмұн құрылымы мен мазмұнына лингво – дидактикалық негіздеме беру. Осы мақсатта зерттеу сараптамасына дейін сауалнамадан өткен педагогикалық білім беру бағдарламасының магистранттарымен жүргізілді. Мақалада жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін осы сауалнаманың нәтижелері келтірілген.

**Тірек сөздер:** құзыреттілік, шетілдік кәсіби-салалық құзыреттілік, мәнмәтіндік оқыту, авиациялық ағылшын тілі, IV деңгейі, ХААҰ, болашақ мұғалім, авиаторлар

### **Негізгі ережелер**

Қазіргі таңда халықаралық байланыстар, кәсіби алмасулардың кеңеюі, еңбек және академиялық мобильділіктің артуына байланысты кәсіби қарым-қатынас пен кәсіби тілді меңгеруге деген сұраныс пайда болды. Кәсіби шетел тілін (авиациялық ағылшын тілі) оқытудың мәнмәтінге негізделіп, яғни мәнмәтіндік оқыту арқылы жүргізу маманның болашақ кәсіби әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын үлгілеп дайындайды. Мәнмәтіндік оқыту негізінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің авиация саласына дайындаудың тиімді жолы болып табылады, себебі кәсіби қарым-қатынасқа түсіп кәсіби-салалық құзыреттілігін қалыптастырудың бірден бір жолы.

Құзыреттілік - компетенттіліктің берілген мазмұны, ал компетентті болу үшін оны меңгеру керек. Компетенттілік деп жиынтықтықтардың көлемі емес, жеке тұлғаның саналы түрде осы компетенцияларды қолдана отырып меңгерген білімі, іскерліктері, құндылықтары аталады [1].

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы білім беру үрдісінде болып жатқан өзгерістер кәсіби білім беру сапасының жоғары деңгейде даму үшін жаңа талаптар қойылып және жаңа білім беру технологиялары қолданыла бастады. Себебі, халықаралық байланыстар мен кәсіби алмасулардың дамуына байланысты, еңбек пен академиялық мобильділіктің артуы кәсіби қарым-қатынас пен кәсіби тілді меңгеруге сұраныстар арта бастады. Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы (ХААҰ) ағылшын тілін халықаралық авиациялық тіл болып бекітті. Бұл ұйымның кәсіби тілді меңгеру талаптары күшіне енгеннен кейін барлық авиаторлар ағылшын тілінде сөйлеу және оны талаптарда көрсетілген IV жұмыс деңгейінде түсіну қабілетін көрсетуі керек [2]. Себебі эфирдегі коммуникацияның (Ұшқыш-Диспетчер) жеткіліксіздігі жағдайларының санын барынша азайту үшін авиаторлардың кәсіби тілдік құзыреттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету керек. Осы IV деңгейге жетудің тиімді технологиялардың бірі мәнмәтіндік оқыту болып табылады. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне кәсіби-бағдарланған тілдік дайындықты өткізудің (авиациялық ағылшын тілі) бірден-бір жолы осы технология арқылы жүргізу тиімді. Мәнмәтіндік оқыту-жоғары мектепте қолдануға арналған, студенттердің кәсіби дайындығына бағытталған және кәсіби контексті жүйелі қолдану арқылы жүзеге асырылатын, оқу процесін кәсіби қызмет элементтерімен біртіндеп енгізетін белсенді оқыту түрі [1]. Оның негізін салушы А.А. Вербицкийдің айтуы бойынша мәнмәтіндік оқыту-дидактикалық форма, әдіс, тәсілдер көмегімен маманның болашақ кәсіби әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын үлгілеуді атайды, ал оның абстрактілігі білім мен жүйені меңгеруі осы әрекеттің арқауына салынады [3].

## Материалдар мен әдістер

Ұсынылған зерттеу теориялық және эмпирикалық әдістерге негізделген. Теориялық әдіс мақаланың тақырыбына қатысты әдебиеттерді сыни тұрғыдан талдау, жиналған деректерді бақылау және жақсы ұйымдастырылған ақпаратты жинаудан тұрады. Эмпирикалық зерттеу әдісінің сауалнама түрі жүргізілді, алынған нәтижелерді талдауды және теорияны іс жүзінде қолдануды қамтиды. Бұған қоса, мақала жазу кезінде жергілікті және шетелдік ғалымдардың бірқатар ғылыми еңбектерінің материалдары пайдаланылды. Мәнмәтіндік оқыту оның тиімділік белгілері бойынша А.М. Смолкин айтқандай, қол жеткізуге қиын міндеттерді шешетін оқытудың белсенді әдістеріне жатады [4]. Бұл оқыту:

- Оқыту үрдісімен білім алушылардың қатысымдық белсенділігін интенсификациялауды жүзеге асырады;
- Оқыту үрдісін студенттердің қызығушылығын арттыратын шығармашылық сипатпен ұйымдастырады;
- Студенттердің болашақ кәсіби әрекеті мәнмәтінінде эмоционалды құнды қабылдау әрекетін және шығармашылық әрекет тәжірибесімен ұштастырады;
- Танымдық қана емес, сондай-ақ кәсіби мотив пен қызығушылықтарды қалыптастырумен ерекшелінеді;
- Кәсіби әрекет пен оның әртүрлі аспектілері туралы тұтас түсінік қалыптастырады;
- Ұжымдық ойлау мен практикалық жұмысқа үйрету, әлеуметтік біріккен әрекет пен қарым-қатынастың, өз бетінше және бірге шешім қабылдай алу, жалпы қоғамдағы әлеуметтік құндылықтарды қабылдай алу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырумен қамтамасыз етеді.

Шетел тілін осы технология негізінде оқыту болашақ мұғалімдерді кәсіби салаларға дайындауда, оның ішінде коммуниканттар кәсіби қарым-қатынасқа түседі және жағдаяттардың проблемалық тұрғыдан өзекті екенін анықтап, оның шешу жолдарын қарастырады. Сонымен қатар, академик Құнанбаева С.С. өзінің еңбегінде кәсіби тіл мен мәдениетаралық қатысымдық кәсіби қарым-қатынасты қалыптастыру үшін мәнмәтінге негізделген пәндік мазмұнда бірізді және сатылай меңгеруді ұйымдастыруға арналған тілдік және қатысымдық материалдар келесідей бөліктерге бөлінеді [1]:

- Метатілдік қатысымдық іскерліктер мен субкомпетенцияларды дамытуға арналған ұғымдық-когнитивтік ТМБ (тақырыптық мәтіндік бірліктер) негізінде құрылған жаттығулар тобы;
- Метатілдік іскерліктер мен субкомпетенцияларды дамытуға арналған ақпараттық-аккумулятивтік ТМБ мазмұнында қалыптастыратын жаттығулар түрлері;
- Метапрагмақатысымдық іскерліктер мен субкомпетенцияларды дамытуға арналған тақырыптық-мәтіндік бірліктің прагматикалық-репрезентациялаушы пәндік мазмұнның негізінде құрылған жаттығулар жүйесі.

- Метамәнмәтіндік қатысымдық іскерліктер мен субкомпетенцияларда қалыптастыратын кәсіби қатысымға түрткі болатын (кәсіби қатынасқа түрткі болатын мәтіндер, дебат, пікірталас, сұхбат, эссе, дискурс және т.б.) тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі.

Сонымен қатар, мәнмәтінге негізделген шеттілдік білім беру бағдарламасында 3 үлкен сатыны атап көрсетеді:

- 1) Мәнмәтінге негізделген қарым-қатынасты дайындау сатысы;
- 2) Қарым-қатынасқа тән жағдаятты үлгілеу сатысы;
- 3) Кәсіби қарым-қатынас сатысы.

Жоғарыда аталған мәнмәтінге негізделген тапсырмалар тобы осы үш сатылар негізінде құрылады. Әр саты кезінде кәсіби әрекеттердің орындалуы нәтижесінде шеттілдік кәсіби-салалық құзыреттіліктің метатілдік және метақатысымдық іскерліктер мен субкомпетенциялары қалыптастырылады. Ал, Стамғалиева Н. К. еңбегінде кәсіптік шетел тілі мазмұнының пәндік аспектісін іріктеу және азайту үшін "контекстік-прагматикалық маңыздылық" қағидатын енгізу;-кәсіптік-өндірістік коммуникативтік сала шеңберінде оқу материалын "контекстік-тақырыптық ұйымдастыру" нысанын енгізу;-оқу процесін ұйымдастырудың үш кезеңдік контекстік-концентрлік дәйектілігінде, оқытудың негізгі бірлігінде контекстік-негізделетін қарым-қатынас және қатынас дағдыларын қалыптастыру керектігін айқындайды [5]. А. Б. Тыныштықбаеваның пайымдауынша кәсіби қарым-қатынасты оқыту процесі білім алушылардың бірлескен кәсіби-коммуникативтік іс-әрекетінің аналогы немесе моделі ретінде қарастырылады: - кәсіби қарым-қатынастың типтелген жағдайларының тізімі, олардың функционалдық мақсаты және олардың модельдерін құру; - кәсіби қарым-қатынас жағдайларын модельдеу үшін коммуниканттардың қарым-қатынас стратегиялары мен тактикасын қолдану [6]. Мәнмәтіндік оқыту студенттердің шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беретін формалардың, әдістердің және технологиялардың алуан түрлілігін қамтамасыз етеді. Кез-келген тапсырмалар мәнмәтінге бағытталған, коммуникативті сипатқа ие, ал жаттығулар проблемаларды шешу дағдыларын дамытады, бұл тілдік, сөйлеу және оқу-танымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамыту шынайы сөйлеу жағдайларына осы технологияны қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Шеттілдік кәсіби-салалық құзыреттілікке анықтама берместен бұрын «компетенция» және «компетенттілік» деп аталатын ұғымдарды айқындап алуымыз керек. Компетенттілік адамға шешуге тиісті міндетті, рөлді, тапсырмалар кешенін жүктейтін, оқыту үрдісінде қалыптасатын «білім, іскерлік, дағдының жиынтығы», сондай-ақ білім, іскерлік, дағдыға сүйене отырып белгілі бір әрекетті жүзеге асыруға қабілет ретінде анықталады [7]. Құнанбаева С.С. пайымдауынша компетенттілікті белгілі бір әрекетті орындаудағы сәтті жасалған тәжірибе деп те айтуға болады. Отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерді талдай отырып, шеттілдік кәсіби-салалық құзыреттілік дегеніміз – кәсіби компетенттіліктің мазмұны, яғни болашақ

мұғалімнің белгілі бір кәсіби әрекетінің орындаудағы қолданылған кәсіби білімі мен тәжірибесі болып табылады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Жоғарыда авиациялық ағылшын тілін меңгерудің тиімді жолдарының бірі мәнмәтіндік оқыту технологиясы екені айтылды. Дегенмен, осы гипотезаны тексеру мақсатында педагогикалық факультеттің 1 және 2 курс магистранттарының арасында сауалнама Google Forms арқылы жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты-болашақ мұғалімдердің басқа салада жұмыс жасау қызығушылықтарын, ойларын және мәнмәтіндік оқыту технологиясы туралы жалпы білімдерін тексеру болды. Бұл сауалнама негізгі алты сұрақты қамтыды. Олар:

1. Басқа салаларды оқытуда шетел тілі (ағылшын тілі) үлкен рөл атқарады деп ойлайсыз ба?

2. Сіз авиациямен интеграцияда шетел тілінің одан әрі байланысын көресіз бе?

3. Авиациялық ағылшын тілін үйреніп, авиаторлармен жұмыс істегіңіз келе ме?

4. Сіз өзіңіздің университетіңізде авиация саласына мұғалімдер дайындағанын қалайсыз ба?

5. Мәнмәтіндік оқыту авиациялық ағылшын тілін үйренудің тиімді әдісі деп ойлайсыз ба ?

6. Мәнмәтіндік оқыту студенттердің болашақ кәсіби әрекеті туралы түсінік қалыптастырады ма?

Сауалнама нәтижесіне қарай болашақ мұғалімдердің авиациялық ағылшын тілі туралы негізгі ойлары, ол сфераға каншалықты дайын екендерін көруге болады. Болашақ мұғалімдердің 94,6% басқа салаларды оқытуда шетел тілі (ағылшын тілі) үлкен рөл атқаратынын мәлімдеді. Олардың 70,3% авиациямен интеграцияда шетел тілінің одан әрі байланысын көреді. Қатысушылардың 67,6% авиациялық ағылшын тілін үйреніп, авиаторлармен жұмыс істеуге қарсы емес. Олардың 62,2% өздерінің оқу орындарында авиация саласына мұғалімдерді дайындау идеясын қолдайды. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің 80% авиациялық ағылшын тілді мәнмәтіндік оқыту технологиясы арқылы меңгеру тиімді әдіс болып табылатынын айтса, 90% магистранттардың болашақ кәсіби туралы негізгі ой мен түсінікті осы технология арқылы қалыптастыруға және шынайы жағдайлар негізінде оқытудың нәтижелі болатынын мәлімдеді.

Алынған нәтижелер мен материалдар негізінде мынандай қорытынды жасауға болады:

- Мәнмәтіндік оқыту болашақ мұғалімдерге тек қана кәсіби теориялық білім беріп қана қоймай, қалыптасқан күзінеттермен кәсіби қатынасқа түсіп және авиация саласына дайындайтын қолайлы технология екені анықталды.

- Авиациялық радиотелефон байланысының мақсаты-ақпаратты нақты түрде бөлісу, ал стандартты фразеологизмнің міндеті-түсініксіздік мүмкіндігін азайту және байланыс тиімділігін арттыру болып табылады.

Мәнмәтіндік оқыту арқылы осы ерекшеліктер міндетті түрде ескерілуі қажет [8].

- Авиаторлардың кем дегенде 4-ші деңгейге қажетті метатілдік қатысымдық іскерліктері мен дағдыларын дамытудың бірден бір қолайлы жолы болып табылады.

- Болашақ авиациялық ағылшын тілі мұғалімдерін дайындаудың бұл салада сұранысы бар екені анықталды.

Осы жоғарыда аталған қорытындыларды ескере отыра, студенттерге авиациялық ағылшын тілін үйретудің мәнмәтіндік технология негізінде құрылған жаттығуларды ұсынамыз:

*Exercise 1. Match aviation terms with their definitions.*

*Terms:* 1. Cockpit; 2. Altitude; 3. Turbulence; 4. Fuselage; 5. Taxiway.

*Definitions:*

- A. Area where aircraft are parked, loaded or unloaded.
- B. A compartment where the pilot and co-pilot sit.
- C. Unstable air movement causing sudden shifts in aircraft position.
- D. The height of an aircraft above a specific reference point.
- E. The main body of an aircraft.

*Exercise 2. Complete sentences with the appropriate aviation vocabulary.*

During the flight, the [1] reported mild [2]. The captain decided to change the [3] to a lower altitude to avoid the turbulence. The [4] advised the passengers to fasten their seatbelts until the aircraft reached a stable [5].

Key words: turbulence, flight crew, cruising altitude, flight attendant, altitude

*Exercise 3. Work in groups. Read the given text and answer the questions.*

1. How do human factors influence pilot performance?
2. What are the challenges in aircraft maintenance and design?
3. How does effective communication impact aviation safety?

Pilots, the commanding figures in aviation, are not immune to the influence of human factors. Stress, fatigue, and even personal issues can impact their decision-making and reaction times. Training programs and rigorous protocols are designed not just to enhance technical skills but also to instill resilience and emotional intelligence, enabling pilots to navigate complex situations effectively. Beyond the cockpit, human factors play a pivotal role in aircraft maintenance and design. How components are designed and how maintenance procedures are carried out are crucial factors in aviation safety. Engineers and technicians must consider human limitations and potential errors when designing aircraft systems and maintenance routines. In the cockpit, effective communication among crew members is paramount. Crew Resource Management techniques are implemented to optimize teamwork, situational awareness and decision-making processes.

Understanding the human factor in aviation is not just about recognizing vulnerabilities; it is about harnessing human strengths, mitigating weaknesses, and ensuring that the people involved in aviation are equipped with the knowledge and tools to make flying not only a marvel of engineering but also a pinnacle of safety.

*Exercise 4.*

*Flight Planning Simulation*

*Objective:* Develop students' ability to communicate essential information related to flight planning and navigation.

*Scenario:* Students are a part of a flight planning team preparing for a commercial flight.

*Task:* Using the provided flight data and interactive maps, collaboratively plan a flight route considering weather conditions, alternate routes, and fuel requirements. Each student must explain their decisions and choices.

**Provided Flight Data:**  
**Flight Number:** AC567  
**Aircraft Type:** Boeing 737  
**Departure Airport:** JFK, NY, USA  
**Destination Airport:** Heathrow Airport, London, UK  
**Scheduled Departure Time:** 14:30 UTC  
**Scheduled Arrival Time:** 03:45 UTC (next day)

#### *Exercise 5.*

*Objective:* Improve students' ability to understand and use aviation phraseology in air traffic control scenarios.

*Scenario:* Students are air traffic controllers managing a busy airspace.

*Task:* Use a flight simulator program to create realistic air traffic scenarios. Students take turns being the air traffic controller and pilot, practicing clear communication, giving instructions and responding to different in-flight situations. Provide feedback on correct phraseology usage and communicative effectiveness.

#### *Exercise 6.*

##### *Aviation Industry Debate*

*Objective:* Enhance students' ability to express and defend opinions on current issues in the aviation industry.

*Scenario:* Students are aviation professionals attending a conference.

*Task:* Research and prepare arguments on a controversial topic in the aviation industry (environmental impact, new technologies, regulations). Divide the class into teams with opposing views. Conduct a structured debate where each team presents their arguments, counters opposing points, and concludes with a summary statement. Encourage the use of formal aviation English vocabulary and expressions.

### **Қорытынды**

Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымының біліктілік шкаласында авиациялық радиотелефондық байланысқа айқын баса назар аударылады және ол сөйлеу байланысын жүргізу кезінде тілді авиациялық контекстінде пайдалану және тіл үшін стратегиялық компетенцияларды қолдану қабілетін бағалауға бағытталған. Осы тілдік шкаланың талаптарына сәйкес авиаторларымызды дайындайтын бірден бір технология- мәнмәтіндік оқыту болып табылады. Болашақ шетел тілі педагогтерінің осы технология негізінде шеттілдік кәсіби-салалық күзiреттілігі қалыптасады. Мәнмәтіндік

технологияны авиациялық ағылшын тілді үйрену процесіне енгізу болашақ мамандардың қызығушылықтары мен практикалық бағытын дамытады.

Осылайша, мәнмәтіндік технологияларды білім беру процесінде пайдаланудың тиімді жолдары мен тәсілдері тек осы мақалада жазылған мәліметтермен шектеліп қана қоймайды, себебі оның мүмкіндігі өте ауқымды болып келеді. Дегенмен, болашақ мұғалімдерді жаңа бағытқа, авиация саласына дайындаудың тиімді технологиясы болып табылады.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Құнанбаева.С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы, Алматы, 2010.

[2] Руководство по внедрению требований ICAO к владению языком: Doc. 9835 AN/453. -2-е изд. – Канада, Монреаль: ИКАО, 2010.

[3] Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: какой подход. – М.: Высшая школа, 1991.

[4] Смолкин А.М. Методы активного обучения. - М.: Высшая школа, 1991.

[5] Стамғалиева Н.К. Методика контекстно-центрированного обучения иностранному языку в неязыковом вузе // Диссер., канд. пед. наук. - Алматы, 1999. - С. 134.

[6] Тыныштықбаева А.Б. Методика формирования умений профессионального общения у студентов технического вуза (английский язык). – Диссер., канд. пед. наук. – Алматы, 1999.

[7] Баграмова Н.В. Компетентностный подход в образовании с проекцией на обучение иностранному языку //Синтез традиций и новаторства в методике изучения иностранных языков: материалы межвузовской научной конференции. - Владимир: ВГПУ, 2004. - С. 14-19.

[8] Zaure Badanbekovyna. English in the sphere of professional communications. //Textbook-- Almaty, 2023.

### REFERENCES

[1] Kunanbayeva S.S. Kazirgi shettildik bilim berudin teoriyasy men praktikasy (Theory and practice of modern foreign education). - Almaty, 2010. [in Kaz.]

[2] Rukovodstvo po vnedreniyu trebovaniy ICAO k vladeniyu yazykom: Doc. 9835 AN/453 (Guidelines for implementing ICAO language proficiency requirements: Doc. 9835 AN/453.-2-e izdanie). – Kanada, Monreal:ICAO, 2010. [in Rus.]

[3] Verbiitskii A.A. Aktivnoe obuchenie v vysshei shkole: kakoi podhod (Active study in higher education: what is the approach). – М.: Vysshaya shkola, 1991. [in Rus.]

[4] Smolkin A. M. Medoty aktivnogo obucheniya (Methods of active learning). - М.: Vysshaya shkola, 1991. [in Rus.]

[5] Stamgalieva N.K. Metodika kontekstno-tsentrirrovannogo obucheniya inostrannomu yazyku v neyazykovom vuze (The methodology of context-centered teaching of a foreign language in a non-linguistic university). – Dissert., cand.ped.nauk., - Almaty, 1999.- s. 134. [in Rus.]

[6] Tynyshtykbayeva A.B. Metodika formirovaniya umenii professionalnogo obcscheniya u studentov tehniicheskogo vuza (angliiskii yazyk) (Methods of formation of professional communication skills among students of a technical university (English)). - Dissert., cand.ped.nauk., - Almaty, 1999. [in Rus.]

[7] Bagramova N.B. Kompetentnostnyi podhod v obrazovanii s proertsiei na obuchenie inostrannomu yazyku (Competence-based approach in education with a projection on teaching a foreign language). – Syntez traditsii I novatorstva v metodike izucheniya inostrannyh yazykov: materialy mezhvuzovskoi nauchnoi konferentsii. – Vladimir: VGPU, 2004. – s. 14-19. [in Rus.]



[8] Zaire Badanbekovyna. English in the sphere of professional communications. //Textbook-- Almaty, 2023.

## **АКТУАЛИЗАЦИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО- ОТРАСЛЕВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В МАГИСТРАТУРЕ ПО ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГОВ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА (НА ОСНОВЕ АВИАЦИОННОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА)**

\*Бегимбаева М. Г.<sup>1</sup>, Кульгильдинова Т.А.<sup>2</sup>, Серикбаева У.<sup>3</sup>, Танкыбаева М.Х.<sup>4</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан  
e-mail: makosya77.88@mail.ru

<sup>2</sup>д.п.н., профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан  
e-mail: tulebike@mail.ru

<sup>3</sup>Ph.D, ассоц.профессор, Алматинский Университет Энергетики и Связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан  
e-mail: serikbaeva@aes.kz

<sup>4</sup>к.фил.н.асс.профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан  
e-mail: t.mereke@mail.ru

**Аннотация.** В эпоху глобализации и расширения международных связей в различных сферах, в том числе авиации, предъявляются высокие требования к уровню владения английским языком как средством профессионального общения. В статье дается характеристика шкалы уровня авиационного английского языка по требованиям ИКАО (Международной организации гражданской авиации). Авиаторам, работающим в этой области, необходимо освоить IV уровень, благодаря чему он имеет получает к работе (всего шесть уровней). В Республике Казахстан проблема подготовки авиаторов к владению ИЯ (иностраннй язык) на уровне ИКАО требует подготовки такого преподавателя ИЯ, который бы владел метаязыком авиаторов. Поэтому данная статья содержит результаты исследования по подготовке в магистратуре таких педагогов, которые получили конкретный модуль по ИЯ, интегрирующий владение ИЯ в рамках ИКАО. Для реализации данного модуля был изучен в рамках ИКАО уровень IV, по каналу "Пилот – диспетчер". В статье рассматривается упражнения на иностранном языке по моделированию условий профессионального общения. На уроках ИЯ студентам предлагается реконструкция фрагментов этапов полета, а также отрабатывается анализ взаимодействия членов экипажа и авиадиспетчера, что способствуют профессиональному становлению обучающихся. Кроме того, на основе контекстной технологии рассмотрены пути формирования профессионально-отраслевой компетенции будущих учителей иностранного языка. Цель статьи-рассмотреть основные понятия, связанные с формированием профессионально-отраслевой компетенции на основе контекстной технологии и дать лингво - дидактическое обоснование структуры и содержания контента по авиационному английскому языку с учетом задачи оптимизации процесса обучения. В этих целях исследование было проведено с магистрантами педагогической образовательной программы, которые до экспертизы прошли анкетирование. В статье представлены результаты данного опроса, позволяющие сделать некоторые обобщения.

**Ключевые слова:** компетенция, иностранная профессионально-отраслевая компетенция, контекстное обучение, авиационный английский язык, IV уровень, ИКАО, будущий учитель, авиаторы

**ACTUALIZATION OF PROFESSIONAL AND INDUSTRY  
COMPETENCE IN THE MASTER'S DEGREE PROGRAM FOR THE  
TRAINING OF FOREIGN LANGUAGE TEACHERS  
(BASED ON AVIATION ENGLISH)**

\*Begimbayeva M. G.<sup>1</sup>, Kulgildinova T.A.<sup>2</sup>, Serikbayeva U.<sup>3</sup>, Tankybaeva M.H.<sup>4</sup>

\*<sup>1</sup>doctoral student, Kazakh University of International Relations and World  
Languages named after Abylai Khan, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: makosya77.88@mail.ru

<sup>2</sup>d.p.s., professor, Kazakh University of International Relations and World  
Languages named after Abylai Khan, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: tulebike@mail.ru

<sup>3</sup>Ph.D, associate professor, Almaty University of Power Engineering and  
Telecommunication named after Gumarbek Daukeev, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: serikbaeva@aes.kz

<sup>4</sup>c.phil.s., associate professor, Kazakh University of International Relations and  
World Languages named after Abylai Khan, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: t.mereke@mail.ru

**Annotation.** In the era of globalization and the expansion of international relations in various fields, including aviation, high demands are placed on the level of proficiency in English as a means of professional communication. The article describes the scale of the level of aviation English according to the requirements of ICAO (International Civil Aviation Organization). Aviators working in this field need to master level IV, so they have access to work (six levels in total). In the Republic of Kazakhstan, the problem of training aviators to speak FL (foreign language) at the ICAO level requires the training of a FL teacher who would know the metalanguage of aviators. Therefore, this article contains a study on the preparation of such teachers in the master's program who would receive a specific module of FL integrating the knowledge of FL within the framework of ICAO. To implement this module, level IV was studied within the framework of ICAO, through the Pilot – ATC channel. The article discusses exercises in a foreign language on modeling the conditions of professional communication. During the lessons, students are offered to reconstruct fragments of flight stages, as well as analyze the interaction of crew members and an ATC, which contributes to the professional development of students. In addition, on the basis of contextual technology, the ways of forming the professional and sectoral competence of future foreign language teachers are considered. The purpose of the article is to consider the basic concepts related to the formation of professional and industry competence based on contextual technology and to provide a theoretical justification for the structure and content of aviation English content, taking into account the task of optimizing the process of teaching a professionally oriented language. For this purpose, the study was conducted with undergraduates of the pedagogical educational program, who passed a questionnaire before the examination. The article presents the results of this survey, which allow us to make some generalizations.

**Keywords:** competence, foreign professional-branch competence, contextual training, aviation English, level IV, ICAO, future teacher, aviators

Статья поступила